

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫНЫҢ НҮР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
ФИЛИАЛЫНЫҢ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛККЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫ
ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫ ТІРКЕУ БАСҚАРМАСЫ
ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА
ТІРКЕУ 2019 ж. «28 тамыз» жүргізілді
БСН 100640016414
№ 1032-1901-40-НАО
Бастапқы тіркелген күні
2010 ж. «24» Маусым

«QazIndustry» қазақстандық
индустрия және экспорт
орталығы» АҚ жалғыз
акционерінің шешімімен –
Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
2019 жылғы «28» тамыздағы
№ 670 бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ



«QazIndustry» қазақстандық индустрия және экспорт орталығы»
акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫ

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жарғы «QazIndustry» қазақстандық индустрия және экспорт орталығы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) құқықтық мәртебесін, мақсаттарын, функциялары мен қызметінің негізгі қағидаттарын айқындайды.

2. Қоғамның толық атауы:

мемлекеттік тілде: «QazIndustry» қазақстандық индустрия және экспорт орталығы» акционерлік қоғамы;

орыс тілінде: акционерное общество «Казахстанский центр индустрии и экспорта «QazIndustry»;

ағылшын тілінде: «QazIndustry» Kazakhstan Industry and Export Center» Joint Stock Company.

3. Қысқартылған атауы:

мемлекеттік тілде: «QazIndustry» ҚИЭО» АҚ;

орыс тілінде: АО «КЦИЭ «QazIndustry»;

ағылшын тілінде: «KIEC «QazIndustry» JSC.

4. Қоғамның атқарушы органының орналасқан орны: 010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр к-сі, 17, Е блогы.

2. Қоғамның заңды мәртебесі

5. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, жеке теңгерімі, банктік шоттары бар, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарын сатып ала және жүзеге асыра алады, міндеттемелер атқарып, сотқа талап қоюшы және жауап беруші бола алады.

6. Қоғамның мөрі, өз атауы жазылған бланктері және өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті өзге де деректемелері бар.

7. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексін, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексін, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.

8. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға, сондай-ақ филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

3. Қоғам мен жалғыз акционердің жауапкершілігі

9. Қоғам өз мүлкі шегінде өз міндеттемелері бойынша жауапты болады.

10. Қоғам өзінің Жалғыз акционерінің міндеттемелері бойынша жауапты емес. Жалғыз акционер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді

және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялар құны шегінде Қоғамның қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

11. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты мемлекет Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

4. Қоғамның мақсаттары, қызмет түрлері және функциялары

12. Қоғам қызметінің негізгі мақсаттары индустриялық-инновациялық дамыту, технологиялық даму, жергілікті қамтуды дамыту, экспортты дамыту және ілгерілету, арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар саласында жәрдем көрсетуге және индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шараларын ұсынуға қатысу болып табылады.

13. Қоғам қызметінің түрлері мыналар болып табылады:

1) экономиканың басым секторларын дамытуды және өңірлерді индустриялық-инновациялық дамытуды қоса алғанда, экономика секторларын дамыту саласында ақпараттық-талдамалық және консультациялық қызметтер көрсету;

2) индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органға басым тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің бірыңғай картасын әзірлеу мен өзектілендіру бойынша қызметтер көрсету;

3) индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органға индустрияландыру картасын сүйемелдеу бойынша қызметтер көрсету;

4) индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну бойынша қызметтер көрсету;

5) аумақтық кластерлерді дамытуда мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну бойынша қызметтер көрсету;

6) аумақтық кластерлерді дамыту процестерін сүйемелдеу бойынша қызметтер көрсету;

7) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы өнеркәсіптік даму саласындағы консультативтік-кеңесші органның қызметін талдамалық және сараптамалық қамтамасыз ету бойынша қызметтер көрсету;

8) индустриялық-инновациялық қызмет саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру бойынша мемлекеттік органдар мен заңды тұлғалардан алынған статистикалық ақпарат пен деректерге талдау жүргізуді, сондай-ақ ұсыныстар мен сараптамалық қорытындылар әзірлеуді көздейтін индустриялық-инновациялық қызмет саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды басқару бойынша қызметтер көрсету;

9) технологиялық болжау процесіне қатысу;

10) инновацияларды дамыту саласында ақпараттық-талдамалық және консультациялық қызметтер көрсету;

11) экономиканың басым секторларын технологиялық дамытуды ынталандыру үшін ақпараттық, білім беру және қаржы ресурстарын тарту мақсатында халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық орнату;

12) іске асырылатын индустриялық-инновациялық жобалар, енгізілген технологиялар, технологиялық болжау бойынша жүргізілген талдамалық зерттеулердің нәтижелері туралы ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету;

13) индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органға сараптамалық қорытындылар және (немесе) ұсынымдар беру;

14) индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органға инновациялық гранттар беру бойынша қызметтер көрсету;

15) технологиялық даму саласындағы ақпаратты жинауды жүзеге асыру және индустриялық-инновациялық жүйенің тиімділігін талдау;

16) тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды берушілердің дерекқорын қалыптастыру және жүргізу;

17) жергілікті қамтуды дамыту саласында ақпараттық-талдамалық және консультациялық қызметтер көрсету;

18) индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органға ішкі нарықта отандық тауар өндірушілерді, жұмыстарды орындаушылар мен қызмет көрсетушілерді мемлекеттік қолдау шараларының іске асырылу тиімділігін талдау бойынша қызметтер көрсету;

19) индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органға индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің тауарларын, жұмыстары мен көрсетілетін қызметтерін ішкі нарықта ілгерілету бойынша шығындарының бір бөлігін өтеу бойынша қызметтер көрсету;

20) жергілікті қамту бойынша сараптаманы жүзеге асыру;

21) субконтрактация орталығы шеңберінде қызмет көрсету;

22) индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органға ішкі нарықтағы индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерін сервистік қолдау бойынша, оның ішінде жергілікті қамтуды дамытуға және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуға арналған ақпараттық жүйелерді сүйемелдеу бойынша қызметтер көрсету;

23) ұйымдар мен мемлекеттік органдардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамту үлесін талдау;

24) жергілікті қамту мәселелері бойынша конференциялар, бизнес-форумдар, тренингтер, таныстырулар, семинарлар, көрмелер және көрме іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу;

25) сыртқы нарықтарға талдау жүргізу;

26) әлеуетті экспорттық нарықтарды іздеу және олардың тауарларын, көрсетілетін қызметтерін сыртқы нарыққа ілгерілету мәселелері бойынша

отандық экспорттаушыларға ақпараттық және консультациялық қызметтер көрсету;

27) индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органға отандық өңделген тауарларды ілгерілету бойынша индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу бойынша қызметтер көрсету;

28) транзиттік әлеует пен көлік логистикасын дамытумен қатар, экспортты ілгерілетуді талдау және мониторинг жүргізуге қатысу;

29) отандық өңделген тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің экспортын ілгерілету жөнінде іс-шаралар жүргізу;

30) арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың қатысушыларын тіркеу, арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың инфрақұрылымын қаржыландыру және дамыту мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен, арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың басқарушы компанияларының қатысушыларымен (акционерлерімен), басқарушы компанияларымен, арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың қатысушыларымен өзара іс-қимыл жасасу;

31) уәкілетті органға Қазақстан Республикасының арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

32) арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың басқарушы компанияларының мемлекетке тиесілі жарғылық капиталға қатысу үлестерін (акцияларын) сенімгерлік басқару;

33) арнайы экономикалық аймақтар қатысушыларының бірыңғай тізілімін жүргізу;

34) тұлғаның арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы ретінде тіркелгенін куәландыратын куәлікті беру;

35) индустриялық аймақтардың бірыңғай тізілімін жүргізу;

36) арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың аумақтарында қызметті жүзеге асыру туралы шарттар талаптарының орындалуын мониторингтеу;

37) арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың инфрақұрылым объектілерінің жай-күйін мониторингтеу;

38) арнайы экономикалық немесе индустриялық аймақтың басқарушы компаниясының даму стратегиясында қаланған нысаналы индикаторларға қол жеткізуін мониторингтеу;

39) арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды дамыту және ілгерілету бойынша қызметтер көрсету, оның ішінде:

басқару, ішкі бизнес-процестер моделі мен корпоративтік құжаттарды әзірлеу және арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың басқарушы компанияларына ендіру;

арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды дамыту стратегиясын, арнайы экономикалық аймақтар үшін жобаларды іріктеу

өлшемшарттарын әзірлеу, арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың басқарушы компанияларын қаржыландыруды жоспарлау, арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды қаржыландыру жоспарларын әзірлеу (бюджетті жасау және шоғырландыру) бойынша ұсынымдарды (ұсыныстарды) тұжырымдау;

арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың басқарушы компанияларының қызметкерлерін оқыту;

арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың маркетингтік стратегиясын әзірлеу бойынша нарыққа талдау жүргізу және арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың басқарушы компанияларына консультация беру;

нысаналы маркетинг жүргізу;

жобаларға талдау жүргізу;

отандық арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды халықаралық нарықта ілгерілетуді қамтамасыз ету;

арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың әлеуетті қатысушыларының қызметін ақпараттық қолдап отыруды қамтамасыз ету;

арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарға әлеуетті инвесторларды тартуға жәрдем көрсету;

40) уәкілетті органның стратегиялық құжаттарының нысаналы индикаторларына қол жеткізуге жәрдем көрсету».

14. Қоғамның функциялары мыналар болып табылады:

1) технологиялар трансфертінің халықаралық орталықтарын құруға, басқаруға және үйлестіруге қатысу;

2) технологиялар трансферті, индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің кадрлық, басқарушылық және өндірістік әлеуетін күшейту бойынша мемлекеттік қолдау тетіктерін іске асыруға қатысу.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензиялауға жататын қызметті Қоғам тиісті лицензиясы болған жағдайда жүзеге асырады.

5. Қоғамның мүлкі мен капиталы

15. Қоғам мүлкі:

1) Жалғыз акционер Қоғам акцияларын төлеуге берген мүлік;

2) оның қызметі нәтижесінде алынған табыс;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған негіздер бойынша сатып алынатын өзге де мүлік есебінен қалыптастырылады.

16. Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайту Қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

6. Қоғамның акциялары және басқа да бағалы қағаздары

17. Қоғам жай акцияларды шығарады. Қоғам шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасында белгіленетін басқа да бағалы қағаздарды шығаруға құқылы.

18. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады.

19. Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді орталық депозитарий онымен жасалған шарт негізінде ғана жүзеге асыра алады.

Қоғам сатып алған меншікті акциялар туралы мәліметтер бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесіне міндетті түрде енгізілуге тиіс.

Жалғыз акционердің қол қойылған және толық төленген акцияларға құқығын растайтын құжаттар акцияларды ұстаушылардың тізілімдер жүйесінен үзінді көшірмелер болып табылады.

20. Қоғам өзі орналастырған акцияларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда ғана кепілге қабылдайды.

21. Қоғам Жалғыз акционерге орналастырылатын акцияларды сатып алғаны туралы жазбаша хабарлама жіберу арқылы хабарлайды.

7. Қоғамның қаржыландырылуы және табысы

22. Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалған қаржылық есептілікке сәйкес есептік кезең үшін Қоғамның таза табысының болуы дивидендтерді төлеу шарты болып табылады. Дивидендтердің мөлшері алдыңғы жылға белгіленеді және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес есептелген Қоғамның таза табысының 50 (елу) пайызынан кем болмауға тиіс.

23. Қоғамның Жалғыз акционеріне дивидендтер жылына бір рет төленеді. Жыл қорытындысы бойынша дивидендтерді Қоғам Жалғыз акционер дивидендтерді есептеу және төлеу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 10 күн ішінде төлейді.

Қоғамның дивидендтерді төлеуі ақшамен жүргізіледі. Дивидендтер тек төленген акцияларға есептеледі.

24. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді есептеуге:

1) меншікті капиталдың теріс мөлшері кезінде немесе егер Қоғамның меншікті капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) Егер Қоғам Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе немесе көрсетілген белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде пайда болса, рұқсат етілмейді.

25. Дивидендтер оларды төлеу үшін белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда, Жалғыз акционерге дивидендтердің негізгі сомасы және ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне Қазақстан

Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру жөніндегі ресми мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелетін өсімпұл төленеді.

8. Қоғамның Жалғыз акционерінің құқықтары мен міндеттері

26. Жалғыз акционердің құқықтары:

1) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Заң) және осы Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысу;

2) дивидендтер алу;

3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алу, оның ішінде осы Жарғыда белгіленген тәртіпте және мерзімде Қоғамның қаржылық есептілігімен танысу;

4) орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын көшірмелерді алу;

5) Қоғам органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дау айту;

6) Қоғамның лауазымды адамдарының Қоғамға келтірілген залалдарын Қоғамға өтеуі және Қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер (жасасуға ұсыныс жасау) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) Қоғамға қайтаруы туралы талаппен Заңда көзделген жағдайларда өз атынан сот органдарына жүгіну;

7) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сауалдармен жүгіну және егер өзге мерзімдер Жалғыз акционердің жазбаша сауалымен белгіленбесе, Қоғамға сауал түскен күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде дәлелді жауап алу;

8) Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігі;

9) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын Заңда белгіленген тәртіппен басымдықпен сатып алу;

10) Директорлар кеңесіне Заңға сәйкес Жалғыз акционердің қарауына қосымша мәселелерді енгізуді ұсыну;

11) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап ету;

12) аудиторлық ұйымның өз есебінен Қоғамның аудитін жүргізуін талап ету;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтар.

27. Жалғыз акционердің міндеттері:

1) акцияларды төлеу;

2) 10 (он) жұмыс күні ішінде орталық депозитарийді және Жалғыз акционерге тиесілі акциялардың номиналды ұстаушысын Қоғам акцияларын

ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабардар ету;

3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

4) шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Қоғамға шешімнің көшірмесін беру;

5) Қазақстан Республикасының Заңына және өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де міндеттерді орындау.

9. Қоғам органдары

28. Қоғам органдары:

- 1) жоғары орган - Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы - Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган - Басқарма;
- 4) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыратын орган - ішкі аудит қызметі.

10. Жалғыз акционердің құзыреті

29. Жалғыз акционер шешімі мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша қабылданатын мынадай мәселелерді қоспағанда, өз құзыретіне жатқызылған барлық мәселелер бойынша дербес шешім қабылдайды:

1) Қоғамның жарғысына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) жарғылық капитал мөлшерін өзгерту;

3) жылдық қаржылық есептілікті бекіту және есепті қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және жыл қорытындысы бойынша Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;

4) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомада активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруы немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

5) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ тәуелсіз директорларға сыйақы мөлшерін айқындау және тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу және шығыстарды өтеу шарттарын көздейтін қағидаларды бекіту;

б) «алтын акцияны» енгізу және күшін жою;

7) Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдердің күшін жою.

30. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Директорлар кеңесі қызметінің, отырыстарды шақыру және өткізу, оның шешім қабылдау және рәсімдеу тәртібін көздейтін Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;

2) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

3) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;

4) Қоғамның корпоративтік басқару кодексін бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

5) Қоғамның қызметі туралы жылдық есепті бекіту;

6) осы Жарғының 24-тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде, Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлемеу туралы шешім қабылдау;

7) Заңға сәйкес Қоғам акцияларды сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесіне өзгерістерді бекіту;

8) Қоғамның өкілдік шығыстарының лимиттерін бекіту;

9) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;

10) нәтижесінде құны Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті Қоғам иеліктен шығаратын (иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәміле жасасуын мақұлдау туралы шешім қабылдау нәтижесінде Қоғам активтерінің елу және одан да көп пайызын иеліктен шығаратын (иеліктен шығаруы мүмкін) мәміле туралы шешім қабылдау;

11) олар бойынша шешім қабылдау Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен және осы Жарғымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

31. Жалғыз акционер Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімін жоюға және осы Жарғының 29-тармағының 7) тармақшасында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

32. Мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына ұсынуға:

1) Жалғыз акционер;

2) Директорлар кеңесі;

3) Тарату комиссиясы бастамашылық жасайды.

33. Жалғыз акционердің қарауына ұсынылатын мәселелер бойынша материалдар дайындауды:

1) Басқарма;

2) Директорлар кеңесі;

3) тарату комиссиясы жүзеге асырады.

34. Жалғыз акционердің қарауына ұсынылатын мәселелер бойынша материалдар осы мәселелер бойынша негізді шешім қабылдау үшін қажетті көлемдегі ақпаратты қамтуы тиіс.

35. Қоғам органдарын сайлау мәселелері жөніндегі материалдарда ұсынылатын кандидаттар туралы мынадай ақпарат:

1) тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша - әкесінің аты;

2) білімі туралы мәлімет;

3) Қоғамға үлестестік туралы мәлімет;

4) соңғы үш жылдағы жұмыс орындары және атқарған лауазымдары туралы мәлімет;

5) кандидаттардың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпарат болуы тиіс.

Бұдан басқа, материалдарда Директорлар кеңесінің мүшелігіне ұсынылып отырған кандидат Жалғыз акционердің өкілі немесе Қоғамның тәуелсіз директоры лауазымына кандидат болып табылатындығы көрсетілуге тиіс.

36. Қоғам Басқармасының төрағасын және өзге де мүшелерін сайлау мәселелері жөніндегі материалдарда осы Жарғының 36-тармағында көзделген ақпараттан басқа, мыналар:

1) есепті кезең үшін салық органынан оның декларацияны алғаны туралы анықтама, сондай-ақ салық салу объектісі болып табылатын, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлердегі табысы мен мүлкі туралы, көрсетілген мүліктің бағалау құны мен орналасқан жері көрсетілген декларация;

2) кандидатты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін жауапқа тарту туралы ақпарат;

3) кандидатты сыбайлас жемқорлықтық қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту туралы ақпарат болуы тиіс.

37. Жылдық қаржылық есептілікті бекіту мәселесі жөніндегі материалдар:

1) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін;

2) жылдық қаржылық есептілікке аудиторлық есепті;

3) Директорлар кеңесінің өткен қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы бір жыл ішіндегі дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстарын;

4) Қоғамның қызметі туралы жылдық есепті;

5) мәселені Жалғыз акционердің қарауына ұсыну бастамашысының қарауы бойынша өзге де құжаттарды қамтуы тиіс.

38. Заңда және осы Жарғыда Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді олар жеке-дара қабылдайды және ол жазбаша түрде ресімделуге тиіс.

39. Басқарма Жалғыз акционер шешімдерінің көшірмелерін Қоғам қызметінің бүкіл мерзімі ішінде сақтауды қамтамасыз етуге тиіс.

11. Директорлар кеңесі

40. Директорлар кеңесі Заңмен және осы Жарғымен Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғам қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

41. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, Басқарма төрағасы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

2) Басқарма қызметінің, Басқарма отырыстарын шақыру және өткізу, шешім қабылдау және ресімдеу тәртібін көздейтін Басқарма туралы ережені бекіту;

3) Басқарма төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық қызметінің мөлшерін және еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау шарттарын айқындау;

4) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін көздейтін қағидаларды бекіту;

5) ішкі аудит қызметінің басшысы мен мүшелерінің еңбегіне ақы төлеу мөлшерін айқындау, сондай-ақ ішкі аудит қызметінің басшысы мен мүшелерінің еңбегіне ақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау шарттары туралы ережені бекіту;

6) корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, оның лауазымдық жалақының мөлшерін айқындау;

7) корпоративтік хатшы қызметінің тәртібі мен жауапкершілігін, сондай-ақ еңбекақы төлеу, оған сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау шарттарын көздейтін ережені бекіту;

8) қызметкерлердің жалпы санын және Қоғам лауазымдарын көрсете отырып, қызметкерлерге еңбекақы төлеу схемасын бекіту;

9) Қоғам қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау шарттары туралы ережені бекіту;

10) Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің, Қоғам басқармасының қызметін бағалау жүйесін және бағалау жүргізуді көздейтін ережені бекіту;

11) Директорлар кеңесінің комитеттерін құру, олардың құрамын айқындау және олар туралы ережелерді бекіту;

12) мәселелерді алдын ала мақұлдау және Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына ұсыну;

13) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғамның даму стратегиясын айқындау;

14) Қоғамның даму жоспарын бекіту және оны түзету, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде оның орындалуы туралы есепті бекіту;

15) Қоғамның қызметі, Қоғамның даму жоспарының көрсеткіштерін және тиімділік көрсеткіштерін орындау туралы жылдық есепті алдын ала мақұлдау, сондай-ақ тиісті шаралар қолдану;

16) жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (сату) туралы, оның ішінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны, оларды орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

17) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

18) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат тізбесін, сондай-ақ оны жария ету тәртібін айқындайтын нұсқаулықты бекіту;

19) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау;

20) қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлық ұйымның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

21) Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалайтын бағалаушыны айқындау;

22) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

23) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешім қабылдау;

24) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлғаның Жалғыз акционердің құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешім қабылдау;

25) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;

26) ірі мәмілелерді және олардың жасалуына Қоғам қызығушылық білдірген мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;

27) Жалғыз акционерге Қоғамның өткен қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы жыл ішіндегі дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстар беру;

28) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

29) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде Қоғамның есептік, салықтық есепке алу және дивидендтік саясатын бекіту;

30) Қоғам тәуекелдерін басқару жөніндегі құжаттарды бекіту, Қоғамның тәуекелдерді басқару процесін және ішкі бақылаудың басқа да элементтерін мониторингтеу;

31) Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын, Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде және осы Жарғыда көзделген өзге де мәселелер.

42. Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Қоғамның Жарғысы мен ішкі құжаттарына, ақпараттану, ашықтық негізінде еңбек шартына сәйкес, Қоғам мен Жалғыз акционердің мүддесінде әрекет етуге;

2) Жалғыз акционерге әділ қарауға, корпоративтік мәселелер бойынша әділ тәуелсіз пікір айтуға тиіс.

43. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны 3 (үш) адамнан кем болмауы тиіс. Директорлар кеңесінің құрамындағы кем дегенде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

44. Директорлар кеңесі:

1) лауазымды тұлғалар мен жалғыз акционер деңгейінде ықтимал мүдделер қақтығысын, оның ішінде Қоғамның меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілік бар мәмілелерді жасау кезінде теріс пайдалануды қадағалауға және оны мүмкіндігінше жоюға;

2) Қоғамдағы корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға тиіс.

45. Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) Директорлар кеңесіне Жалғыз акционер мүдделерінің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған тұлғалардың;

2) басқа да тұлғалардың қатарынан сайланады (осы Жарғының 46 және 47-тармақтарында белгіленген шектеулерді ескере отырып).

46. Жалғыз акционердің өкілі ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылмаған жеке тұлға Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлана алады. Мұндай тұлғалардың саны Директорлар кеңесі құрамының 50 (елу) пайызынан аспауы тиіс.

47. Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарымен белгіленеді.

Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттардың өз міндеттерін орындау және Жалғыз акционер мен Қоғам мүддесінде Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті іскерлік және/немесе салалық ортада тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі және оң жетістіктері болуы тиіс.

48. Директорлар кеңесінің құрамына:

1) Басқарманың Төрағасынан басқа мүшелері;

2) ішкі аудит қызметінің қызметкерлері және корпоративтік хатшы сайлана алмайды.

Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

49. Тәуелсіз директорлармен жасалған шартқа Жалғыз акционердің шешімі негізінде Директорлар кеңесінің төрағасы қол қояды.

Мемлекеттік қызметші болып табылатын Директорлар кеңесінің мүшесімен шарт жасалмайды.

50. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар шектеусіз қайта сайлануы мүмкін. Жалғыз акционер жаңа директорлар кеңесін сайлаған кезде, Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі аяқталады.

51. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Директорлар кеңесі мүшесінің бастамасы бойынша өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату оның Директорлар кеңесіне жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады. Хабарламада Директорлар кеңесі мүшесінің мерзімінен бұрын тоқтату күні көрсетілмеген болса, Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

52. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлауды Жалғыз акционер жүзеге асырады. Бұл ретте Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі жалпы Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің аяқталуымен бір мезгілде аяқталады.

53. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді, сондай-ақ осы Жарғыда және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

54. Директорлар кеңесінің төрағасы уақытша болмаған жағдайда, оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

55. Директорлар кеңесін өткізуге арналған кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде 50 (елу) пайызын құрайды.

Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болса, Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау мәселесін Жалғыз акционердің қарауына ұсынуға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері осы мәселені Жалғыз акционердің қарауына шығару туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

56. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір дауысы болады.

57. Директорлар кеңесінің шешімдері дауыс беруге қатысатын Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда, Директорлар Кеңесі төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

58. Директорлар кеңесі Жалғыз акционерге Қоғамның қызметі және Директорлар кеңесінің атқарған жұмысы туралы жылдық есепті Қоғамның

Директорлар кеңесі туралы ережеде белгіленген мерзімде және тәртіппен ұсынады.

59. Директорлар кеңесінің мүшесі өз іс-әрекеттерінен және (немесе) әрекетсіздігінен келтірілген зиян үшін және қоғамға келтірілген залалдар үшін:

1) жаңылыстыратын ақпарат немесе көрінеу жалған ақпарат беру;

2) Заңда белгіленген ақпарат беру тәртібін бұзу;

3) олардың жосықсыз іс-әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі нәтижесінде, оның ішінде олардың не олардың үлестес тұлғаларының қоғаммен осындай мәмілелер жасасу нәтижесінде пайда (табыс) табу мақсатында, қоғамға зиян келтіруге әкеп соқтырған ірі мәмілелерді және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасуды ұсыну және (немесе) жасасу туралы шешім қабылдау;

4) Заңда, осы Жарғыда және қоғамның өзге де ішкі құжаттарында көзделген өз міндеттерін тиісінше орындамау нәтижесінде келтірілген залалдарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей Қоғам мен Жалғыз акционер алдында жауаптылықта болады.

Бұл ретте, мәміле жасауға мүдделі және орындау нәтижесінде Қоғамға залал келтірілген мәмілені жасасуға ұсынған Директорлар кеңесінің мүшесін қоспағанда, Қоғамға залал келтіруге әкеп соққан шешімге қарсы дауыс берген немесе дәлелді себептер бойынша дауыс беруге қатыспаған Директорлар кеңесінің мүшелері жауапты болмайды.

Директорлар кеңесінің мүшесі, егер оның Қоғамның лауазымды тұлғалары қызметінің Заңда белгіленген қағидаттарын сақтай отырып, шешім қабылдау сәтінде өзекті (тиісті) ақпарат негізінде тиісті түрде әрекет еткені дәлелденсе және мұндай шешім Қоғамның мүдделеріне қызмет етеді деп негізді түрде есептесе, коммерциялық (кәсіпкерлік) шешім нәтижесінде туындаған залалдарды өтеуден босатылады.

60. Директорлар кеңесінің мүшесі өз міндеттерін тиісінше орындамаған және (немесе) орындамаған жағдайда, Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар Кеңесінің тиісті мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтінішхатпен Жалғыз акционерге жүгінуге құқылы.

61. Директорлар кеңесінің жекелеген мәселелерді тиімді қарауы мақсатында Директорлар кеңесі комитеттер құруға тиіс.

Директорлар кеңесінің комитеттерін қалыптастыру тәртібі, функциялары, құрамы және жұмыс рәсімдері Директорлар кеңесі бекітетін ережелермен айқындалады.

62. Басқарма төрағасы Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

63. Директорлар кеңесінің қызметін қамтамасыз ету Басқармаға және Корпоративтік хатшыға жүктеледі.

64. Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындауына байланысты сыйақы және олардың шығыстарын өтеу Жалғыз

акционер бекітетін ережелерде айқындалған тәртіппен және шарттарда төленеді.

65. Сыйақы мемлекеттік қызметші болып табылатын Директорлар кеңесінің мүшесіне төленбейді.

12. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру

66. Директорлар кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе атқарушы органның бастамасы бойынша немесе:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) ішкі аудит қызметінің;
- 3) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 4) Жалғыз акционердің талап етуі бойынша шақырыла алады.

67. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады.

68. Директорлар кеңесінің Төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы көрсетілген талаппен Басқармаға жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

69. Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Басқарма шақыру туралы талап түскен күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей шақыруы тиіс. Шұғыл шешім қабылдау қажет болған жағдайда, Директорлар кеңесінің отырысы Директорлар кеңесінің отырысы өткізілетін күнге дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын шақырылуы тиіс.

70. Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты қойған тұлғаны міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

71. Директорлар кеңесінің мүшесі Басқармаға және корпоративтік хатшыға Директорлар кеңесінің отырысына өзінің қатысу мүмкіндігінің болмауы туралы алдын ала хабарлауға міндетті.

72. Директорлар кеңесі өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы, оған тек Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алады.

73. Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін, оны өткізу тәртібі Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережеде айқындалады.

74. Белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерге сәйкес кворум болған жағдайда, сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылданды деп танылады.

75. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуі және оған Корпоративтік хатшы мен Директорлар кеңесінің төрағасы қол қоюы тиіс.

76. Директорлар кеңесінің сырттай отырысы шешімінің көшірмесі дауыстарды санау күнінен бастап күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде осы шешім қабылданған бюллетеньдердің көшірмелерін қоса бере отырып, Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуі тиіс.

77. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша сырттай (оның ішінде аралас) дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді оған танысу үшін беруге және (немесе) оған корпоративтік хатшының қолымен және Қоғам мөрінің бедерімен расталған шешімнен үзінді көшірмелер беруге міндетті.

78. Директорлар кеңесінің күндізгі отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған отырыс өткізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Директорлар кеңесінің мүшелері мен корпоративтік хатшы қол қоюға тиіс. Директорлар кеңесі отырыстары хаттамаларының көшірмелерін қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде корпоративтік хатшы Директорлар Кеңесінің мүшелеріне жібереді.

79. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері, сондай-ақ Директорлар кеңесі отырыстарының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Қоғамның бүкіл қызмет мерзімі ішінде Басқарманың орналасқан орны бойынша сақталады.

13. Басқарма

80. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты атқарушы орган – Басқарма жүзеге асырады.

Басқарма Қоғамның алқалы органы болып табылады.

81. Басқарма құзыретіне келесі мәселелер бойынша шешім қабылдау кіреді:

1) Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелерді алдын ала мақұлдау;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде қоғамның даму жоспарын және оның орындалуы туралы есепті әзірлеу және алдын ала мақұлдау;

3) Жалғыз акционердің, Қоғамның Директорлар кеңесінің немесе Басқарма төрағасының құзыретіне жатқызылмаған ішкі құжаттарды бекіту;

4) ұйымдық құрылым бекітілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде кейіннен Жалғыз акционерді хабардар ете отырып, Директорлар кеңесі бекіткен Қоғам қызметкерлерінің жалпы саны шеңберінде ұйымдық құрылымды бекіту;

5) Қоғамның штаттық кестесін бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

6) мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын бекіту және оған өзгерістер енгізу;

7) акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендтер мөлшерінің болжамды көрсеткіштерін Директорлар кеңесімен келіскеннен кейін мақұлдау және Жалғыз акционерге ұсыну;

8) Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде және осы Жарғыда Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған өзге де мәселелер.

82. Басқарма:

1) Қоғамның Жалғыз акционерінің және Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді;

2) Қоғамның даму жоспарын іске асырады, оның ішінде тиімділіктің негізгі көрсеткіштерін орындайды;

3) қаржылық есептілікті дайындауды және оны Директорлар кеңесінің қарауына ұсынуды және Жалғыз акционердің Заңда және осы Жарғыда белгіленген мерзімде бекітуін қамтамасыз етеді;

4) Директорлар кеңесіне Қоғамның таза табысын бөлу және оны мақсатты пайдалану мәселелері бойынша ұсыныстар беруді қамтамасыз етеді;

5) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

6) Қоғамның ішкі құжаттарында айқындалған тәртіппен корпоративтік жанжалды реттеуді қамтамасыз етеді;

7) Егер Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесі мүшесінің сауалында өзге мерзім белгіленбесе, тиісінше Жалғыз акционердің және (немесе) Директорлар кеңесі мүшесінің жазбаша сауалын алған сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде Жалғыз акционерге, Директорлар Кеңесінің мүшелеріне Қоғамның қызметі туралы, оның ішінде құпия сипаттағы ақпарат беруді қамтамасыз етеді;

8) Қоғамның қызметі туралы, оның ішінде:

- Қоғамның даму жоспары көрсеткіштерінің,

- тиімділік көрсеткіштерінің орындалуы;

- тиісті шаралар қабылдау туралы жылдық есепті алдын ала мақұлдау үшін Директорлар кеңесіне ұсынады.

9) Қоғамның өзге органдарының құзыретіне жатқызылмаған ішкі құжаттарды бекітеді;

10) осы Жарғыда және Қоғамның Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің шешімдерінде белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

83. Басқарма Төрағасы:

1) Басқарма жұмысын ұйымдастырады, Басқарма отырыстарын өткізу мерзімін, күн тәртібін анықтайды, сондай-ақ Басқарма отырыстарында төрағалық етеді;

2) Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді;

3) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

4) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Қоғам атынан өкілдік ету

құқығына сенімхат береді;

5) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады;

6) Қоғамның ішкі құжатында белгіленген тәртіппен Қоғам қызметкерлерін (Заңда және осы Жарғыда белгіленген жағдайларды қоспағанда) қабылдауды, ауыстыруды, жұмыстан босатуды жүзеге асырады;

7) Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен қызметкерлерге көтермелеу шараларын қолданады, тәртіптік жаза қолданады, Басқарма, Қоғамның ішкі аудит қызметі және корпоративтік хатшы құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық қызметақыларының мөлшерін белгілейді;

8) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін орындауды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;

9) Басқарма мүшелері арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттілік және жауапкершілік салаларын бөледі;

10) Қоғам қызметкерлерінің өз лауазымдық міндеттерін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын орындауы үшін дербес жауапты болады;

11) Қоғамның Директорлар кеңесі белгілеген тәртіпте және шарттарда ішкі аудит қызметінің қызметкерлерімен және корпоративтік хатшымен еңбек шарттарын жасайды;

12) Директорлар кеңесіне Басқарма мүшелерін сайлау немесе өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы ұсыныстар енгізеді;

13) Қоғамның ұйымдық бірліктері (құрылымдық бөлімшелері) туралы ережелерді және Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

14) Қоғамның медиа-жоспарын бекітеді;

15) консультативтік-кеңесші органдарды құрады, олардың сандық құрамын, олардың өкілеттік мерзімін, мүшелерді сайлауды, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуды айқындайды.

16) осы Жарғыда және Қоғамның Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің шешімдерінде белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

84. Басқарма кемінде 3 (үш) адам санымен сайланады.

85. Басқарма Басқарма төрағасынан және Басқарманың өзге де мүшелерінен тұрады.

86. Басқарма мүшесінің дауыс беру құқығын өзге тұлғаға, соның ішінде Басқарманың басқа мүшесіне беруге рұқсат етілмейді.

87. Басқарма төрағасын Жалғыз акционердің ұсыным бойынша Директорлар кеңесі сайлайды, Басқарма мүшелерін Басқарма төрағасының ұсыным бойынша Директорлар кеңесі сайлайды. Директорлар кеңесінің Басқарма мүшесін сайлау туралы шешімі жұмыс берушінің оны жұмысқа қабылдау туралы актісі болып табылады.

88. Еңбек шартына Қоғам атынан:

1) Директорлар кеңесінің төрағасы - Басқарма төрағасымен;

2) Басқарма Төрағасы – Басқарманың өзге мүшесімен қол қояды.

89. Сайланған Басқарма төрағасының және Басқарма мүшесінің өкілеттіктерін Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тоқтатуы мүмкін.

90. Басқарма төрағасының атқарушы орган басшысының не атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның, басқа заңды тұлғаның қызметін атқаруға құқығы жоқ.

91. Іссапарға шығу және Басқарма төрағасы мен мүшелеріне демалыс беру.

Мыналардың:

1) Басқарма төрағасы мен оның орынбасарларының Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге іссапарға шығуы Қоғамның Жалғыз акционерімен келісім бойынша (жазбаша, ауызша немесе өзге байланыс құралдары бойынша) жүзеге асырылады;

2) Басқарма төрағасының Қазақстан Республикасының шегінде іссапарға шығуы Директорлар кеңесінің төрағасымен келісім бойынша (жазбаша, ауызша немесе өзге байланыс құралдары бойынша) жүзеге асырылады.

Басқарма төрағасына демалыс беру Директорлар кеңесі төрағасының келісімі бойынша (жазбаша, ауызша немесе өзге байланыс құралдары бойынша) жүзеге асырылады.

92. Басқарманың іс қағаздарын жүргізу үшін Басқарма хатшысы тағайындалады. Басқарма хатшысы Басқарма құрамына кірмейтін Қоғам қызметкерлерінің ішінен тағайындалуы мүмкін. Бұл жағдайда оның Басқарма мүшесінің өкілеттігі жоқ және күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға қатыспайды.

93. Басқарма төрағасының және өзге де мүшелерінің функциялары, құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ оларға еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарымен, сондай-ақ Басқарма мүшесі Қоғаммен жасасқан еңбек шартымен айқындалады.

94. Басқарма мүшелері өз құқықтарын жүзеге асыру және міндеттерін орындау кезінде:

1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындайды және Жалғыз акционер мен Қоғамның мүдделерін неғұрлым жоғары дәрежеде көрсететін тәсілдерді қолданады;

2) Қоғамның мүлкін осы Жарғыға, Жалғыз акционердің, Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы және жеке мақсаттарда пайдалануға, сондай-ақ мәмілелер жасау кезінде өзінің лауазымдық жағдайын теріс пайдалануға жол бермейді;

3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйелерінің тұтастығын қамтамасыз етеді;

4) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Қоғамның қызметі туралы ақпараттың түсіндірілуін және берілуін бақылайды;

5) Қоғам туралы өзіне белгілі кез келген құпия мәліметтерді, коммерциялық құпияны жарияламауды қамтамасыз етеді. Мәліметтердің

құпиялылығын қамтамасыз ету міндеті Басқарма мүшесінің қызметтік міндеттерін атқару мерзімі аяқталғаннан кейін 5 (бес) жыл ішінде күшін сақтайды;

6) Басқарма отырысын шақыруға бастамашылық жасау, оның Төрағасын хабардар ету арқылы немесе басқа да қолжетімді тәсілмен залал келтірудің алдын алу, Қоғам қызметін оңтайландыру үшін қажетті шаралар қолданады;

7) өзі жетекшілік ететін мәселелер шеңбері бойынша істің жай-күйі туралы Басқарма төрағасын хабардар етеді.

95. Басқарма төрағасы және өзге де мүшелері өздерінің іс-әрекеттерінен және (немесе) әрекетсіздігінен келтірілген зиян үшін және Қоғамға келтірілген залалдар үшін:

1) жаңылыстыратын ақпарат немесе көрінеу жалған ақпарат беру;

2) Заңда, осы Жарғыда және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарында белгіленген ақпаратты ұсыну тәртібін бұзу;

3) олардың жосықсыз іс-әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі нәтижесінде, оның ішінде олардың не олардың үлестес тұлғаларының Қоғаммен осындай мәмілелер жасасу нәтижесінде пайда (табыс) табу мақсатында, Қоғамға зиян келтіруге алып келетін ірі мәмілелерді және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасуды ұсыну және (немесе) жасасу туралы шешім қабылдау;

4) Заңда, осы Жарғыда және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарында, сондай-ақ олармен жасалған еңбек шарттарында көзделген өз міндеттерін тиісінше орындамау нәтижесінде келтірілген залалдарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей Қоғам мен акционерлер алдында Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

96. Басқарма төрағасы Басқарманың өзге мүшелерінің осы Жарғының 94-тармағының талаптарын сақтауын, сондай-ақ Басқарманың өзге де мүшелерінің Заңда, осы Жарғыда және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарында көзделген өз міндеттерін тиісінше орындауын қамтамасыз етеді.

Басқарма төрағасы Қоғам мен Жалғыз акционер алдында Қоғамдағы істің жай-күйі үшін, оның ішінде:

1) Қоғам активтерін тиімсіз басқаруды;

2) Қоғамның шығынды қызметін;

3) Жалғыз акционерге және Директорлар кеңесіне Қоғамның қызметі туралы, оның ішінде Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдеріне елеулі ықпал ететін уақтылы, толық емес және (немесе) дұрыс емес ақпарат беруді қоса алғанда дербес жауапты болады.

97. Қоғам Жалғыз акционердің шешімі негізінде:

1) Басқарма мүшелеріне Қоғамға келтірілген зиянды не залалды өтеу туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге;

2) егер мәміле жасалған кезде тараптар мұндай шектеулер туралы білгені дәлелдесе, Қоғам белгілеген шектеулерді бұза отырып, Басқарма жасаған мәміленің жарамдылығына дау айтуға құқылы.

14. Басқарма отырыстарын өткізу тәртібі

98. Егер бұл ретте Басқарма мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысса, Басқарма күн тәртібінің мәселелері бойынша шешімдерді қарауға және қабылдауға құқылы.

99. Басқарма отырысын өткізу Басқарма мүшелері оны шақыру туралы хабарлама алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен бұрын емес жүзеге асырылады.

Қоғамның тұрақты дамуы мен экономикалық қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайлар туындаған жағдайда, Басқарма төрағасы тиісті мәселелер бойынша Басқарма отырысының күнін көрсетілген мерзімді қолданбастан анықтауға құқылы.

100. Басқарма төрағасы болмаған жағдайда, көрсетілген функцияларды белгіленген тәртіппен Басқарма төрағасының міндеттерін атқару жүктелген Басқарма мүшесі жүзеге асыра алады.

101. Басқарма шешімдері Басқарма мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Басқарма мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда Басқарма төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

102. Басқарма шешімдері хаттамамен рәсімделеді. Басқарма отырысының хаттамаларын сақтауды Басқарма хатшысы қамтамасыз етеді.

15. Ішкі аудит қызметі

103. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесінің шешімі бойынша құрылады. Ішкі аудит қызметінің басшысын және мүшелерін тағайындауды Жалғыз акционердің келісімі бойынша Директорлар кеңесі жүзеге асырады.

Ішкі аудит қызметі Қоғамның ішкі аудит қызметі туралы ережеге сәйкес оның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыратын Қоғам органы болып табылады. Қоғамның ішкі аудит қызметі туралы ережені Директорлар кеңесі бекітеді.

104. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді, Басқарма төрағасы мен өзге де мүшелеріне, сондай-ақ Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына еркін және тәуелсіз рұқсаты бар.

105. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің құрамына және Басқарма құрамына сайлана алмайды.

16. Ірі мәмілелер

106. Ірі мәміле деп:

1) Заңда көзделген мәміле немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығы;

2) Қоғам нәтижесінде Қоғам активтері құнының жалпы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп пайызы сомасына жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алатын мәміле немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығы танылады.

107. Қоғамның ірі мәміле және жасалуына Қоғамның мүдделілігі бар мәміле жасасуы туралы шешімді Директорлар кеңесі қабылдайды.

17. Есеп, есептілік және аудит

108. Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті құрастыру Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалған және Директорлар кеңесі бекіткен есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

109. Жылдық қаржылық есептілік:

1) бухгалтерлік теңгерімді;

2) пайда мен шығын туралы есепті;

3) ақша қаражатының қозғалысы туралы есепті;

4) меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есепті;

5) түсіндірме жазбаны қамтиды.

110. Қоғам жылдық қаржылық есептілікті (түсіндірме жазбаны қоспағанда) және аудиторлық есепті Жалғыз акционер оны бекіткеннен кейін қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жариялайды.

111. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі оны Жалғыз акционердің қарауына шығарған күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Директорлар кеңесінің алдын ала бекітуіне жатады. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін түпкілікті бекітуді Жалғыз акционер жүргізеді.

112. Қоғам жылдық қаржылық есептілікке аудит жүргізуге және есепті жылдан кейінгі жылдың төртінші айынан кешіктірмей оны Жалғыз акционердің бекітуіне ұсынуға міндетті.

Қоғамның аудиті Директорлар кеңесінің, Басқарманың бастамасы бойынша Қоғам есебінен не Жалғыз акционердің талабы бойынша оның есебінен жүргізілуі мүмкін, бұл ретте Жалғыз акционер аудиторлық ұйымды өз бетінше айқындауға құқылы.

Жалғыз акционердің талабы бойынша аудит жүргізілген жағдайда Қоғам аудиторлық ұйым сұратқан барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) беруге міндетті.

Егер Басқарма Қоғамның қаржылық есептілігіне аудит жүргізуден жалтарса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

113. Қоғамның статистикалық есебі мен есептілігі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

18. Қоғамның ақпаратты жария етуі, үлестес тұлғалар

114. Қоғам «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен қаржылық есептілік депозитарийінің интернет ресурсында және қор биржасының интернет ресурсында ақпаратты ашуды жүзеге асырады.

115. Жалғыз акционердің мүддесін қозғайтын Қоғамның қызметі туралы ақпаратты беру Қоғамның www.qazindustry.gov.kz. интернет-ресурсында жүзеге асырылады.

116. Қоғам өзінің үлестес тұлғаларының есебін осы тұлғалар немесе Қоғамның тіркеушісі ұсынатын мәліметтер негізінде жүргізуге міндетті.

117. Қоғамның үлестес тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар үлестестік туындаған күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде өзінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді Қоғамға беруге міндетті.

118. Қоғам өзінің үлестес тұлғаларының тізімін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті органға ұсынуға міндетті.

19. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату

119. Қоғам Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша қайта ұйымдастырылуы және таратылуы мүмкін.

120. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

20. Қорытынды ережелер

121. Осы Жарғымен реттелмеген барлық жағдайларда, Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасын және Қоғамның ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

122. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

«QazIndustry» қазақстандық индустрия және экспорт орталығы» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы



Ә. Әбдіқадыров

2019 ЖЫЛҒЫ «28» тамыз

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫНЫҢ НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
ФИЛИАЛЫНЫҢ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІККЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫ
ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫ ТІРКЕУ БАСҚАРМАСЫ

НӨМІРЛЕНГЕН, ТІГЛГЕН ЖӘНЕ БЕКІТІЛГЕН
Барлығы 53 (сегіз үш) парақ
2019 ж. «29» тамыз

Протошнуровано и пронумеровано
На 53 (сегіз үш) парақтарда
Нотариус Жолжан



53 (сегіз үш) парақта
Нөмірленіп тігілді